

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропология және қазақ
тарихының мәселелері





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және қазақ тарихының мәселелері
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» оқу құралында қарастырылатын мәселелердің бірі тарихи антропологияның қалыптасуы және негізгі теориялық ережелері. Осы дәрісте бұл пәннің қалыптасуы мен парадигмаларын қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Тарихи антропология маңызы

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Тарихи антропологияның құбылмалылығы, бірнеше ондаған жылдар бойы түрлі елдерде бір-бірін алмастырып келе жатқан түрлердің әралуандығы тарихнамашыға анық қиындық тудырады. «Тарихи антропология» терминіне кітаптың алғашқы беттерінде анықтама бермегені үшін авторды А.Л.Юрганов: «Тарихи антропологияның ұғынықты түрде негізделмеуі оқырманды тығырыққа тірейді: кітап анықтау мүмкін емес нәрсеге арналған» кінәлаған болатын.

Ескерте кетейік, тарихи антропологияның «тарихи феноменологиядан» айырмашылығы бұл- бірнеше ондаған кітаптар мен мақалаларда сөз болған, кең әрі тармақталған тарихнамалық ағым. Э.Ле Руа Ладюридің «Монтайю», Н.З.Дэвистің «Возвращение Мартена Герра», К.Гинзбургтің «Сыр и черви» тәрізді жауһарлары мен Ж.Ле.Гофф, Питер Берк, Д.У.Сэбиан, Х.Медик сынды өзге де зерттеушілердің еңбектерінен кейін, тарихи антропологияның жемісті екені күмән тудырмайды. Бұл жағынан алғанда біз әлдеқашан қалыптасып үлгерген, оның үстіне аса сәтті түрде іске асырылған тарихнамалық тәжірибемен жұмыс істеп отырмыз. Ол тәжірибелердің әралуандығына және бір-біріне мүлде ұқсамайтын жекелеген зерттеу жобаларының бар болуына байланысты оларды біріктіретін қандай да бір ортақ эпистемологиялық алаң бар ма деген нәрсе - бөлек әңгіме.

2. Жаңа ізденістер

Тіпті эклектикадан қашу мүмкін болған күнде де, антропологиядан ауысқан тұжырым тарихи материалды талдауға қаншалықты өнімді болады? Бұл сұрақ риторика күйінде қалмас үшін нақты мысалды - америкалық тарихшы Р.Дарнтонның «Великое избиение кошек и другие эпизоды французской культурной истории» (1984) кітабын және аталған еңбектің пайда болуынан туындаған ұзақ мерзімді айтыс-тартысты қарастырайық.

Автордың өзі мойындағандай, бұл кітап - Р.Дарнтонның университетте тарих пен антропологиядан К.Гирцпен бірге жүргізген семинарының жемісі. Аталған еңбектегі зерттеу мәселесі Францияда ментальдық тарихы деп аталатын нәрсеге сай келеді, алайда бұл жанр ағылшын-саксондық дәстүрге жат және Дарнтон өз кітабының жанрын cultural history - этнография бағытындағы мәдени тарих («мәдениеттанушылық» деп аударған дұрыс болуы мүмкін) деп анықтаған. Бұл бағдар «мәселеге түземдіктің көзқарасы тұрғысынан қарау» әрекетін білдіреді; автор сондай-ақ антропологтардың «біз демалатын ауа немесе сөйлейтін тіліміз сияқты, рәміздер бәріне ортақ» деген бастапқы тезисін қолдайды.

Италян тарихшысы Дж.Леви «Опасности гирцизма» деген айшықты атауы бар мақаласында К.Гирц антропологиясына өткір сынға алынады. «Гирц әдістемесі философиялық герменевтикадан, әсіресе Мартин Хайдеггер мен Ханс Георг Гадамер ойлап тапқан нұсқадан бастау алады» деп атап көрсетті. Адамды субъектіге, ал заттардың барлығын - манипуляция нысанына жатқызатын объективистік үлгіге қарама-қарсы, бұл нұсқа шын мәнісінде тарихты тілмен теңестіреді: адам өзі сөйлейтін тілді басқармайды, керісінше, тіл адамды «басқарады». Бұл теория нәтижесінің бірі - әлдебір мағынаға ие, біртұтас нәрсе болып көрінетін мінез-құлық, сенім, ауызекі мәдениет пен рәсімге «мәтіндік сипат» беру. Мәтіндік сипат беру процесі шеңбермен қозғалыс сияқты жүреді: әуелі болмыс дерегі оқшауланады, одан кейін нақтылық контекстіне ойысады және т.б. Леви бұл арадан шынайылықтың сенімді өлшемдері мен сәйкестіктерінен жұрдай зиянды шеңбер (мәтіннен контекске және керісінше) көреді, ал нәтижесінде негізді интерпретацияны негізсіз және жөн-жосықсыз интерпретациядан айыру мүмкін емес.

Бұл пікірталас материалдары көрнекті ғалымдардың (Ж.Ле Гофф, Э.П.Томпсон, Н.З.Дэвис) тарихшының антропологпен диалогінің қиындықтары мен қауіп-қатері туралы жоғарыда келтірілген пайымдарын керемет дәлелдей түседі. Нақты немесе тұжырымдамалық жүйені этнологтар еңбегінен тікелей көшірудің қатаң шегі болуы тиіс және ол тарихи зерттеудің өзінің логикасына бағынуы шарт деген қорытынды



жасауға тура келеді. Есесіне тарихшының антропологиялық әдебиеттерден жаңа идеялар мен тақырыптар табуына, өзінің дүниетанымын кеңейтуіне және нәтижесінде, өз мамандығына тән проблемаларға жаңа көзқарас тұрғысынан қарауына ештеңе кедергі бола алмайды.

3. Жылқышылық өркениет негізі

Тарихи антропология қазақ тарихын зерттеудің жаңа кілті бола алатыны жоғарыдағы дәрістерден айқындалды деген пікірдеміз. Оның ішінде біз тарихи антропологияның тікелей этнографиялық зерттеулерге байланысты екенін ескерткіміз келеді. Ал қазақ тарихын зерттеуді этнографиясыз іске асыру мүмкін емес, себебі бұл қоғам өз тарихын көбінесе өзінің аңыздарында, жырларында, әдет-ғұрыптарында сақтаған. Бұл ең басты ереже !

Екіншіден, Еуразия көшпелілерінің әсері ерте және ортағасырлық кезеңдерде адамзат тарихына өте күшті болды, біз адамзат тарихы атты жалында, түйенің қомында, көшпелілердің ұлы миграциялары арқылы жасалды деп айта аламыз. Ерте кезеңдегі көшпелі және жартылай халықтардың ұлы қозғалыстары Еуразия құрылығының тарихында бұрын-соңды болмаған симбиозды туғызды.

Бұл мәселені түсіну үшін Еуразия көшпелілерінің ерте тарихына, соның ішінде жылқы шаруашылығына тереңірек үңілу керек. Энеолит дәуірінде Жайық-Ертіс арасындағы орманды дала алқабында жылқыны қолға үйрету және топтап бағу жүзеге асты, бұл Солтүстік Қазақстан территориясындағы археологиялық қазбалардан белгілі (Ботай мәдениеті). Ботайлықтар – Еуразия өңіріндегі алғашқы жылқы өсірушілер. Жайық – Ертіс арасындағы энеолиттік қоныстардан орасан көп жылқы сүйектері табылды.

Алғашқы жылқы өсірушілердың басты сенімдері Күнге қатысты қалыптасты, осыдан кейін жылқыға табыну дәстүрін және көшпелі тұрмыстың негізін қалайтын бірқатар элементтері пайда болды. Көп замандар біздің жерімізді мекендеген ата-бабамыз Күн мен адам арасын жалғайтын дәнекер деп жылқыны ерекше қасиеттеді. Бұл сенімдер қазақ халқында бертіңгі заманға дейін сақталды және оның тотемдік түсініктеріне негіз болды (жылқының көкке қарап кісінеуі, қасқырдың көкке қарап ұлуы т.б.). Екі дәуір арасындағы жалғастық қазақтар үшін қасиетті «алаш» («алаша») ұғымынан да көрініс тапты. Ал, үндіеуропа халықтарында алғашқы ала жылқыдан (алаша ат) мифологиялық қанатты аттың образы – «алаша» (пегас) бастау алады, ежелгі үндіеуропалық халықтардың көне сөздіктерінде пеку (пеки) сөзі-«жылқы», «жеке адамның қозғалмалы мүлкі, байлығы», «мал» және т.б. білдіреді. Ежелгі «алаша аттан» – славянша – «лошадь» шығады. Халықтың жоғары тығыздығы, бақташылық қажеттіліктерге байланысты жайылымның тарылуы т.б. себептерге байланысты сонау замандарда-ақ Ұлы даланың тайпалары Батыс Еуропа мен Оңтүстіктің Азия өлкелеріне қоныс аударып, онда мемлекеттер мен қазіргі өркениеттердің негізін қалай бастады.

Этникалық мәселелер туралы айтсақ, сол замандарда Қазақстан үнді-еуропалық және орал-алтай қауымдастықтарының шығу аймағы болуы мүмкін. Еуразияның көптеген халықтары сол этникалық негізден шыққан. Қазақ жерінен тас дәуірінің соңындағы алғашқы көші-қондар Шығыс Еуропаға және Кіші Азия жеріне бағытталды. Жылқы өсірушілердің ішінен қазіргі Месопотамия жеріне еніп жаңа патшалық құрған хеттерді ерекше атау керек. Хеттердің қоныс аударулары Кіші Азия мен Мысыр өлкелері үшін үлкен әлеуметтік революцияға татитын құбылыс еді. Олар жаңа дүниетанымның, шаруашылық үлгісінің жаңа түрлерінің қалыптасуына алып келді. Ең бастысы отырықшы, мешеу Шығыс хеттердің арқасында жылқыны танып, жылдамдықтың, жаугершіліктің не екенін сезіне бастады.

Дүниені эстетикалық тұрғыдан түсіну тас дәуірінде өнер түрінде дами бастады. Қазақстанды мекендеген кейінгі палеолит тайпаларының көркемдік танымының дәлелі ретінде негізінен тау шатқалдарындағы қашап салынған суреттер (петроглифтер – гравюралар) қызмет атқарады, олардың негізгі сюжеттері жүндес мүйізтұмсық, бұқа – тур, бизонның суреттері. Гравюрамен қатар Қазақстан жерінде тастағы бейнелердің бояулы үлгілері де табылады. Бұл қызыл түсті бояулы суреттер Бектау ата тауларында, Баянауылда Қоңыр әулие үңгірінде, Жасыбай көлінің жағасында, Ертістің бір саласы Бұқтырма шатқалында Күнге табынушы күн бейнелі адамдар мен свастика бейнелі өрнектер түрінде т.б. кездеседі.

Біз Қазақстан тарихын зерттеуге тарихи антропология әдістемесін пайдалану ұлы дала тарихын толық мәнінде көрсетудің басты жолы деп санаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонау 1978 жылы А.Бюргер “тарихшы үшін антропология тек қас-қағым сәттік сырқат” сияқты болуы мүмкін деген еді. Бүгінгі күнге дейін француз тарихшылары онымен “ауырып” жазылған



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және қазақ тарихының мәселелері
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

сияқты: Ю.Л.Бессмертныйдың бақылауынша, 90 жылдары Францияда тарихи антропологияны сынау күшейіп, өзін осы бағытпен сәйкестендіретін зерттеушілер қатары күрт кеміді. Ю.Л.Бессмертный бұл тенденцияны ерекше және теңдессіз нәрсеге ықпалы артуымен және микротарихқа ойыса бастаумен байланыстырады. Осы зерттеуші атап өткендей, тарихи антропологияның танымалдығының азаюы ғаламдық сипат алған жоқ: бірқатар елдерде (Германия, Италия, Испания және Ресейде де), керісінше, бұл бағытқа қызығушылықтың артқаны байқалды.

Бүгінде тарихи антропология басынан кешіріп жатқан кезеңді экстенсивті деп атауға болатын тәрізді: ол жаңа елдерді, зерттеудің жаңа тақырыптарын “игеруде”. Бұл бағыт барлық жерде өз атауымен көрініп жүрген жоқ. Қазіргі кезеңге антропологиялық бағыттағы тарих нұсқасы деп санауға болатын туыстас бағыттардың тұтас қатарының болуы тән. Мысалы, оларға АҚШ-тағы (Р.Дарнтон, Л.Халт, т.б.) жаңа мәдени тарих (new cultural history), соңғы уақытта басқа елдерге де кеңінен таралған итальян микротарихы және Германиядағы, Австрия мен Швейцариядағы өмір сүру салты тарихы (Alltagsgeschichte) жатады.

Сонымен қатар, тіпті авторлары өздерін қандай бір антропологиялық бағытпен ешқандай байланыстырмайтын зерттеулерден де тарихи антропология ықпалы сезілетінін ұмытпаған жөн. Боларболмас бұл ықпал тақырыпты таңдауда, мысалы өнімнің тарихында, кейбір әдістерде немесе тіпті “саяси мәдениет” деген сияқты пайдаланылып жүрген терминологиядан көрінеді. Тарихи антропологияға жақын бірқатар заманауи бағыттар туралы кейінгі дәрістерде нақтырақ айтуға тура келеді.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicago, 1965.